



ТАРИХ – ИСТОРИЯ – HISTORY

ӘОЖ 94(574)

ҒТАХР 03.00.20

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.98(2).66

Утегенов М. З., Бектасов Ш. Т.*

Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Көкшетау, Қазақстан

*Автор-корреспондент: shagbanbektasov@gmail.com

E-mail: MYtegenov@shokan.edu.kz, shagbanbektasov@gmail.com

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАППАЙ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ «БАЙ МЕН КУЛАКТАРДЫ» ТАП РЕТІНДЕ ЖОЮ (1930–1932 ЖЖ.) ТАРИХЫНАН

Аңдатпа. Мақалада Ақмола және Петропавл округтерінің құрамына кірген аудандардағы жаппай ұжымдастыру және «байлар мен кулактарды» тап ретінде жою науқаны қарастырылған. Авторлар жергілікті мемлекеттік биліктің жоғары органдарының нұсқауларын орындауға бағытталған әрекеттерін Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы Президентінің архивтері қорларында сақталған мұрағаттық құжаттар негізінде талдайды. Мақалада ұжымдастыру мен «байлар мен кулактарды» жоюға қатысты жүзеге асырылған іс-шаралардың мерзімдері мен сипаты, оларды жүзеге асыру әдістері, сондай-ақ жергілікті халықтың билік органдарының әрекеттеріне қатынасы туралы ақпарат берілген. Авторлардың пікірінше, мұндай аймақтық зерттеулер бүкіл ел бойынша ұжымдастыру мен «байлар мен кулактарды» тап ретінде жою науқандарының заңдылықтарын, принциптерін және механизмдерін ашуға мүмкіндік береді.

Авторлардың ойынша, БКП(б) өлкелік, округтік және аудандық партия комитеттері ұжымдастыру барысын бақылау мен басқарудың негізгі органдары болды, бұл ауыл тұрғындарынан саяси, әлеуметтік-экономикалық бағыныштылықты талап етті. Бұл өз кезегінде биліктің репрессиялық саясатында көрініс тапқан әлеуметтік-саяси және экономикалық дағдарысқа әкеліп соқты. Мемлекеттің жаппай ұжымдастыруға бағытталған аграрлық саясаты Солтүстік Қазақстандағы қазақ ауылы, орыс-украин селоларындағы әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесін түпкілікті өзгертті.

Кілт сөздер: ұжымдастыру; «бай мен кулактарды» тап ретінде жою; қуғын-сүргін саясаты; жер аудару; Петропавл округі; Ақмола округі.

Kіріспе

Жаппай ұжымдастыру және «бай мен кулактарды» тап ретінде жою мәселесі ерекше және кең ауқымды құбылыс ретінде әрқашан тарихшылардың қызығушылығын тудырады. Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру және «бай мен кулактарды» тап ретінде жою жеке ғылыми тақырып ретінде кеңес заманында зерттелді және осы зерттеулердің өзіндік тарихнамасы қалыптасты. Дегенмен, кеңестік дәуір кезеңі зерттеулерінің таптық тұрғыдан жүргізілуі, идеологиялық сарында болуы, дереккөздердің алдын ала іріктелуі және зерттеу қорытындыларының коммунистік биліктің мүддесіне негізделген саяси



калыпқа бейімделуі, сол кездегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық тобын жоюды прогрессивтік құбылыс деп атау секілді ғылымға жат тұстары және болды.

Кеңестік дәуірде ұжымдастыру тарихы ғылыми мәселе ретінде А. Б. Тұрсынбаевтың тарихшылар арасында кеңінен танымал болған кітабында барынша толық зерттелген [1]. Бұл зерттеуде тарихшы Қазақстандағы ұжымдастыру тарихын кеңінен ашып, жергілікті билік органдарының қызметін жалпықазақстандық ауқымда баяндайды. А. Тұрсынбаевтың еңбегі коммунистік идеология құрсауында болғанына қарамастан бай фактологиялық материалды қамтитындығымен құнды.

Ұжымдастыру мәселесіне қатысты тұжырымдамалық басылымдар қатарына Г.Ф. Дахшлейгер мен К. Нұрпейісовтің "Кеңестік Қазақстан шаруаларының тарихы" атты еңбегі кіреді [2]. Бұл жұмыстың бірінші томы Қазан төңкерісінен бастап 1940 жылдарға дейінгі Кеңес өкіметінің аграрлық саясатына арналған. Басылым архивтік деректердің ауқымды көлемін қамтитындығымен құнды. Алтыншы және жетінші тараулар, жаппай ұжымдастыру қарсаңында және кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмірге арналған, бай мен кулактарды тап ретінде жоюға, қазақ шаруаларын отырықшыландыру мәселелеріне арналған.

Қарастырылып отырған тақырыпқа байланысты еңбекке осы кезеңде жарық көрген «Солтүстік Қазақстан 1917-1957 жылдары» басылымының құрамында Б. Г. Горвицтің «Солтүстік Қазақстан облысы бейбіт социалистік құрылыс жылдарында (1921-1941 жж.)» мақаласын жатқызуға болады [3].

Жаппай ұжымдастыру проблемасын зерттеудің қазіргі кезеңінде (XX ғасырдың 90-жылдарының басы – қазіргі уақытқа дейін) бұрынғы зертеулердің нәтижелерін қайта саралау, кеңестік тарихнамада зерттелмеген тың тақырыптарды көтеру, ұжымдастыруды «сталиндік модернизацияның» ажырамас бөлігі ретінде зерделеу және оның теріс салдарларын анықтау, олармен қатар, ұжымдастырумен үндесіп жатқан отырықшыландыру, «бай мен кулактарды» тап ретінде жою, 1931–1933 жылдары орын алған аштық секілді мәселелер көтерілді. Осы уақытта ғылыми мәселелер ретінде астық дайындау, ұжымдастыру және ашаршылық проблемалары көтерілді.

М. К. Қозыбаев [4], Т. Омарбеков [5], Ж. Әбілхожин [6], Ғ. Х. Халидуллин [7] және басқа да көптеген тарихшылар Қазақстанда сталиндік билік ұстанған аграрлық саясат тарихының тақырыптары бойынша зерттеулер жүргізді. М. Қ. Қозыбаев, Ж. Б. Абылхожин және К. С. Алдажұмановтың «Қазақстандағы колхоздастыру: шаруалар трагедиясы» басылымында алғаш рет қазақстандық тарихнамада Кеңес үкіметі мен коммунистік партияның аграрлық саясаты, атап айтқанда жаппай ұжымдастыру мен бай мен кулактарды тап ретінде жоюдың мәнін саяси және идеологиялық контексттен тыс, гуманистік ғылыми принциптер тұрғысынан анықтауға талпыныс жасалды [8]. Т.Омарбековтің «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» еңбегінде тарихшы ұжымдастыру саясатының салдарын көрсете келе, тоталитарлық биліктің шешімдерін бас шұлғып қолдаумен шектелген мемлекеттік органдардың қажет болғандығын баса көрсеткен [9].

Қазақстан тарихшылары ұжымдастыру проблемасын жалпы мемлекеттік тұрғыдан зерттеп, оның себептері мен барысы, салдары жөнінде ғылыми негізделген тұжырымдар жасады. 2000-ы жылдардың жаппай ұжымдастыру және «бай мен кулактарды» тап ретінде жою тақырыбына деген қызығушылық бәсеңдегенімен, 2020 жылдары осы бағытта зерттеулер қайта жанданды. Соңғы жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) жарық көрді. Бұл 52 томдық басылымның 19-томы Ақмола облысы [10], 32-томы Солтүстік Қазақстан облысы [11] аумағында жүргізілген жаппай ұжымдастыру және «байлар мен кулактарды» тап ретінде жою науқанына қатысты архивтік құжаттардың жинақтары жарық көрді.



Осыдай жинақтар Қазақстанның жекелеген аймақтарындағы жаппай ұжымдастыру ғылыми мәселесіне қатысты қызығушылық тудыруда. Мұндай өңірлік зерттеулер ұжымдастыруды жүргізудің қағидаларын, барысын, салдарларын, Кеңес үкіметінің аграрлық саясатын тікелей іске асырушы жергілікті билік органдарының қызметін және аймақ халқының осы қызметке қатынасын жергілікті деңгейде егжей-тегжейлі ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Өңірлік зерттеулердің тағы бір ұтымды тұсы – аймақтық архивтерде сақталынған тың дереккөздерінің ғылыми айналымға қосылуы. Сонымен қатар, өңірлік зерттеулер тарихи құбылысқа қатысты орын алған фактілер санын молайтып, сол оқиғаларға қатысқан тұлғалар қатарын кеңейтеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Солтүстік Қазақстанда жүргізілген жаппай ұжымдастыру және «бай мен кулактарды» тап ретінде жою тақырыбының ерекшеліктері осы аймақтың экономикалық және полиэтникалық ерекшеліктерімен байланысты. Сонымен қатар, бұл тақырып тек ретроспективті, яғни, аймақ тарихының ауқымды кезеңдеріне арналған еңбектерде көлемі шағын бөлім ретінде ғана қарастырылған. Мысалы, 1993 жылы Петропавл тарихшыларының "Солтүстік Қазақстан облысы: туған өлке шежіресінің беттері" атты ұжымдық еңбегі жарық көрді [12]. Басылымның аймақты ұжымдастыруға арналған бөлігі бай нақты материалмен және мұрағат көздеріне көптеген сілтемелермен құнды. 1997 жылы Қ. Қ. Әбуевтің «Көкшетау. Тарихи очерктер» Көкшетау өлкесінде ұжымдастыру туралы мәліметтер берілген [13]. А. А. Сейітқасымов 2014 жылы шыққан «XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Солтүстік Қазақстан» монографиясында мұрағаттық құжаттарға сілтемелермен расталған Солтүстік Қазақстандағы ұжымдастыруға қатысты көптеген тарихи фактілерді келтіреді [14]. Осыған байланысты мақаланың мақсаты – Солтүстік Қазақстан аймағында жүргізілген ұжымдастыру процесінің жеке мәселелерін, жүру барысын және осы аймақ халқына әкелген салдарын талдау болып табылады.

Материалдар және зерттеу әдістері

Осы зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Президент архиві (бұдан әрі – ҚРПА), Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві (СҚМА), Ақмола облысының мемлекеттік архиві (АОМА) және Астана қаласының мемлекеттік архивінің (АҚМА) қорларында сақталған құжаттар дереккөз ретінде қолданылды. Бұл құжаттардың қатарына БКП(б) Өлкелік комитетінің жергілікті билік органдарына жолдаған директивалық хаттары, телеграммалары, округтік, аудандық атқару комитеттері президиумдары мен партия комитеттері бюролары отырысының хаттамалары, жоғарғы билік органдарына жолдаған есептері мен статистикалық құжаттар және басқа да құжаттар кіреді.

Архив құжаттарымен қатар, дереккөз ретінде жаппай ұжымдастыру жылдары Қазақ АКСР жоғары билік органдары, Ақмола, Петропавл округіндегі жергілікті билік органдарының тарапынан жарық көрген басылымдар қолданылды. Мысалы, «І-ші және ІІ-ші окрпартконференциялар аралығындағы жұмыс туралы есепті баяндама» басылымында Ақмола округінде жүргізідген жаппай ұжымдастыру науқаны туралы тың деректер бар [15]. Осы басылымға ұқсас «2-ші Петропавл партконференциясының резолюциялары» басылымында Петропавл округінде жүргізілген ұжымдастыру науқанына және басқа да мәселелерге қатысты Петропавл округі партия комитетінің шешімдері жарық көрген [16]. «БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің есебіне қатысты материалдар» басылымы – ұжымдастыру науқанының жалпымемлекеттік деңгейдегі тарихында құндылығы жоғары дереккөз ретінде таптырмас басылым [17].

Зерттеу мақсаттарына қол жеткізу және қойылған міндеттерді орындау үшін ретроспекция әдісі қолданылды. Бұл әдіс кеңестік билік және коммунистік партия тарапынан Солтүстік Қазақстан аудандарында жүргізген жаппай ұжымдастыру және «бай мен кулакты» тап ретінде жою науқанының тарихы оқиғаларын алғашқы кезеңнен бастап дәйекті түрде қалпына келтіру (реконструкциялау) арқылы зерттеуге мүмкіндік



берді. Салыстырмалы-тарихи тәсілдің көмегімен ұжымдастыру тарихы оқиғаларына қатысы бар белгілердің хронологиялық және аумақтық жағынан сандық және сапалық өзгерістерін талдау, осы оқиғаларды жалпы Қазақстан бойынша және Солтүстік Қазақстанның жекелеген аудандарына қатысты сараптау жасалды. Осы мақалада қолданылатын негізгі әдістердің бірі – идеографиялық әдіс, бұл әдіс нақты сюжеттер мен мәселелерді олардың ерекшеліктеріне сай жіктеп көрсетуге мүмкіндік берді. Осы әдістерді бір-бірімен үйлестіре қолдану тарихи оқиғалар мен құбылыстардың даму себептерін, барысы мен салдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Көптеген заманауи тарихшылардың пікірінше, 1920 жылдардың аяғында экономиканың аграрлық саласындағы мемлекеттік билік тарапынан күштеп енгізілген түбегейлі өзгерістердің негізі ұсақ тауар өндірісін жою және жаппай ұжымдастыруды іске асыру болып табылады. Бұған себеп 1927-1928, 1928-1929 жылдары мемлекеттік астық дайындау науқандарының терең дағдарысы болатын. Қала халқын, Қызыл армияны нанмен қамтамасыз етуді және индустриализацияға қажет қаражатты астықты экспорттау есебінен жоспарлаған орталық билік бидайды ешкімнің қарсылығынсыз шаруалардан алу мақсатында ұсақ тауарлы қожалықтарды мемлекеттің белгілеген шеңберінде (колхоздорға) біріктіріп, олардың дербестігін жоюды аграрлық саясаттың күн тәртібіне қойды.

Кеңес Одағының орталық билігі шаруа қожалықтарын жаппай ұжымдастыруға бағытты 1929 жылдың соңында анықтады. 1929 жылдың қараша айында БКП(б) ОК Пленумында жаппай ұжымдастыру мемлекеттің алдында тұрған міндет ретінде жарияланды [18, 746-758 ББ]. 1929 жылы 7 қарашада "Правда" газетінде И. В. Сталиннің жарық көрген "Ұлы сынық жылы» атты мақаласында ауыл шаруашылығының дамуындағы түбегейлі өзгерістер туралы, шағын және артта қалған жеке шаруашылықтан ірі және озық ұжымдық егіншілікке көшкендігі туралы және осындай шаруашылықтарды дамыту Кеңестер Одағындағы дара жол екендігі айтылды [18, 740-742].

БКП(б) ОК-нің 1930 жылғы 5 қаңтардағы "Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек көрсету шаралары туралы" қаулысына сәйкес Қазақстанның басқа да астықты аудандары сияқты Ақмола, Петропавл округтері ұжымдастыру науқаны негізінен 1931 жылдың күзіне немесе 1932 жылдың көктеміне дейін аяқталуы қажет топқа жатқызылды. [19, 85-86 Б.].

Қазақстанда "Кіші Октябрьді" жүзеге асыруды мақсат тұтқан БКП(б) Өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф. И. Голощекин бастаған республикалық басшылық жаңа аграрлық саясатты жүзеге асыруға құлшына кірісті және жаппай ұжымдастыруды Мәскеу белгілеген мерзімнен ерте аяқтауды көздеді. Қазақстанның астықты аудандарында ұжымдастыру жоғары қарқынмен жүргізілді. Ұжымдастырылған шаруашылықтардың үлес салмағы 1929 жылдың аяғында 4,7% - ды құраса, 1930 жылдың ақпан айында 52 % - ға, ал сәуірде 59 % дейін көтерілді [20, 3-4 pp].

Сол кездегі ұжымдастыруға байланысты мемлекеттік билік қабылдаған құжаттарға сүйенсек, ұжымдасқан шаруашылықтың түріне қарай жеке шаруашылықтар коммунаға, артельге немесе жер өңдеу серіктестігі секілді колхоз түрлеріне біріктірілуі тиіс болған. Коммунада жер телімі, егіншілік құралдары мен жұмыс малы, барлық құрылыс түрлері, барлық мал мен басқа да өндіріс құралдары қоғамдастырылды. Артельде жер телімі, жұмыс малы, егіншілік құралдары, астық тұқымы, өнім беретін мал түрлері толығымен немесе ішінара (артель жиналысының шешіміне сәйкес) және ұжымдастырылған шаруашылықты жүргізумен байланысты құрылыс түрлері қоғамдастырылды. Жер өңдеу серіктестігінде жер телімі, жұмыс малы, егіншілік құралдары және егіншілікке қажет құрылыс түрлері қоғамдастырылды [21; 1].



Колхозға мүше болған шаруалар жарна төлеген және қоғамдастырылған мүлік есебінен колхоздың бөлінбейтін қорына үлес қосқан. Мысалы, Ақмола округінің колхоз одағының құжаттарына сәйкес, батырақтар жарна ретінде 5 рубль, салықтан босатылған кедейлер 7 рубль, 150 рубльге дейін табысы барлар 10 рубль, 150–250 рубль табысы барлар 13 рубль, 250-400 рубль табысы барлар – 17, 400 рубльден көп табысы барлар 22 рубльден жоғары пайыздық үстемемен жарна төлеген. Жарнаны ақшалай немесе тез сатылатын затпен төлеу керек болған. Колхоздың бөлінбейтін қорына қосылатан үлестің көлемі қоғамдастырылған мүліктің көлеміне байланысты болған. Мысалы, көлемі 200 рубльден төмен мүліктің 25 %, 1000 рубльден артық бағаланған мүліктің 50 % пайызы колхоздың бөлінбейтін қорына түскен [22; 116].

Петропавл округі жаппай ұжымдастыру жүргізілетін өңір болғандықтан жергілікті билік шаруа қожалықтарын жоғары қарқынмен ұжымдастыруға ұмтылды. Мұның өзі ұжымдастыруды әкімшіл-әміршіл әдістермен жүргізуге итермеледі. Округ, аудан басшылары жаппай ұжымдастыруды 1930 жылдың көктемгі егіс науқаны басталғанға дейін 100 пайызға аяқтауды көздеген болатын.

Петропавл округтік колхоз одағының БКП (б) Өлкелік комитетіне жолдаған телеграммасындағы деректерге сәйкес, 1930 жылдың 1 наурызына дейін округтің еуропалық ұлттар қоныстанған аудандарында 56 мыңнан астам жеке шаруашылықтарды біріктірген 565 колхоз құрылған [23; 253-парақ]. Қазақ аудандарында осы мерзімде 22 мың жеке шаруашылық 505 колхозға біріктірілген.

Ақмола округі жаппай ұжымдастыру жүргізілетін аймақтар құрамына кірмегенімен, осы саяси науқаннан тыс қалған жоқ. Егер 1929 жылдың соңында округте 353 болса, 1930 жылдың 5-ақпанында 619, ал 16-ақпанда 652 ұжымдастырылған шаруашылық болған. 1930 жылдың мамыр айында өткен Ақмола округінің II округтік партия конференциясының деректеріне сүйенсек, сәуір айында Ақмола округінде 570-тен астам колхоз құрылып, 33 – мыңнан астам жеке шаруашылықтарды біріктірген [15; 16].

Ұжымдастыру науқаны әкімшілік ресурстың көмегімен жүргізілді. Колхоздарды құруда билік тарапынан еріктілік туралы сөз болған жоқ. Кедейлердің ұжымдастыруға ұмтылғанын білдіретін-мыс жасанды жиналыстардың шешімдерін желеу еткен билік шаруаларды отбасы мен ауылымен түгел, ешкімнен сұрамай-ақ, колхозға жаздырды. Мысалы, Булаев ауданында 1930 жылдың 1 наурызы қарсаңында барлық жеке шаруашылықтардың 78,4 % немесе 4622 қожалық ұжымдастырылған [24; 8-п]. Петропавл округі партия комитетінің бюросы 28 сәуірде қабылдаған өз қаулысында «ұжымдастыру барысында шаруашылық базасының жоқтығына, шаруашылық формасының артта қалғандығына қарамастан, барлық дерлік қазақ шаруашылықтарын колхоздарға мәжбүрлеудің кері әсері орын алды, себебі ұжымдастыру кезінде жалаң әкімшілдік, еріктілік қағидатын бұзу кең тарады. Көп жағдайда колхоз құру ірі ұжымдық шаруашылықты шынайы ұйымдастыру емес, жеке шаруашылықтарды колхозға қағаз бетінде ғана кіргізу болды» деп, қазақ аудандарында ұжымдастырудың күштеп жүргізілгендігін мойындауға мәжбүр болған [25; 77-78 п.].

Осыған ұқсас сарындағы құжаттарды Ақмола округі мен аудандарының басшылығына тиісті архивтік құжаттардан да көруге болады. Мысалы, округтік жұмысшы-шаруа инспекциясы бақылау комиссиясының бастығы А. Л. Раздобреветің республикалық комиссияға жолдаған баяндау хатында «қаңтар айында өткен ОК және ОБК біріккен пленумында күштің, дайындық пен мүмкіндіктің жоқтығын есепке алмай Азат, Атбасар және Сталин аудандарын жаппай ұжымдастыру аудандары деп жариялау және 1930 жылы округтегі ұжымдастырылған шаруа қожалықтарының санын орта есеппен санағанда 40%-ға жеткізу туралы шешім округ басшылығының ірі қателігі болды» деп атап көрсетеді [26; 31 л.]. Осы хатта аудандарда ұжымдастыру науқаны



кезінде жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жергілікті қызметкерлер кедей мен орташаларға әкімшілік қыспақ жасағандығы айтылады.

ҚазАКСР бойынша БМСБ ӨӨ-нің БКП(б) Қазақстан өлкелік комитетіне Петропавл округіндегі аштық туралы жеделхатта «Қызыләскер ауданының №5 ауылында округтің, аудандық атқару комитетінің өкілін ауылға жібермеуге тырысты, №4 ауылда аудандық атқару комитеті өкіліне жергілікті кедейлер: «колхоз туралы ауыз ашпа, колхозың да, көмегің де қажет емес», - деп хабарлама жасағаны айтылады [27; 198-199]. Трудовой ауданында қызмет еткен агроном Федоровтың Петропавл округтік колхоз одағына жазған хатында колхозға кірген шаруалардың колхоздан жаппай шығуы айтылады. Мысалы, Беловка селосындағы 210 мүшесі бар колхоздан 80 шаруашылық қалса, Щучин селолық кеңесіндегі колхоздардағы 360 шаруашылықтан 60 шаруашылық қалғанын хабарлайды [23; 145]. А. Л. Раздобрееттің баяндау хатында «ұжымдастыру жоспары ретінде қабылданған пайызын орындау жергілікті қызметкерлерді колхозға кіруге мәжбүрлеп, орташалар және кедейлерге әкімшілік қысым жасауға итермелегені хабарланады («колхозға кірмеген – Кеңес өкіметіне қарсы». Ленин ауданы)» [26; 31].

1930 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында шаруаларды колхоздарға жаппай күштеп кіргізу науқаны Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңес Одағында кең етек жайды. Колхоздарды ұжымдастыру барысында әкімшіл ресурстарды қолдану, ауылшаруашылық құралдарын және жұмыс малын мәжбүрлеп қоғамдастыру шаруалар арасында наразылық туғызды, ұжымдастыруға қарсы жаппай қарсы қимыл көрсетуіне себеп болды. Колхоз жұмысын атқармау, колхоз мүлкіне немқұрайлы қарап, қоғамдастырылған малдың жағдайын жасамау, болашақ егіс науқанына дайындалмау, ауыл-селоны тастап қалаларға жұмыс іздеп кету кеңінен тарай бастады.

2 наурызда И. В. Сталиннің «Табыстан бас айналу» мақаласы жарияланған соң және 14 наурызда БКП(б) ОК «Колхоз қозғалысындағы партия бағытын бұрмалауға қарсы күрес туралы» қаулысы қабылданғаннан кейін республикалық және жергілікті билік ұжымдастыру қарқынын бәсеңдетуге мәжбүр болды. 1930 жылы 21 наурызда Қазақ өлкелік партия комитеті "БКП(б) ОК-нің колхоз қозғалысындағы бұрмалаулар туралы қаулысын жергілікті жерлерде іске асыру туралы" директивасын қабылдап, бұл құжатта ұжымдастыру барысында жіберілген "бұрмалаулар" мен "қателіктердің" жауапкершілігін жергілікті билік қызметкерлерінің мойнына асуға тырысып бақты [28, 289-292 Б.]. Қуғынға алдымен партияның округтік комитеттері ұшырады. М. А. Брусенцов басқарған Петропавл округтік партия комитеті таратылып, округке уақытша жіберілген Қазкрайком хатшысы Л. Б. Рошаль комитет хатшысының міндеттерін атқарды [29; 137 бет].

Жаппай ұжымдастыруды әкімшілік әдістермен жүргізудің тегеуріні көктемге қарай уақытша әлсірегенде шаруалар колхоздардан жаппай шыға бастады. Бұл жәйтті сол кездегі статистикалық көрсеткіштен аңғаруға болады. Мысалы, Ақмола округі бойынша 1930 жылдың 1 сәуірінде 571 колхозға 31730 жеке шаруашылық біріктірілсе, 18 мамыр күні қалған 403 колхоздың құрамында 22388 шаруашылық қалған [22; 139 л.]. Ал 20 мамырда жасалған құжатта округте 396 колхоз болғаны және олардың құрамына 21700 шаруашылық кіргені айтылады [22; 140 л.]. Петропавл округінде 1 наурызда 78 мың жеке шаруашылық ұжымдастырылған болса, 20-сәуір күніне қарасты статистикалық деректе колхоз құрамында 39,5 мың ғана шаруашылық қалған [30; 1].

Жаппай ұжымдастырудың күштеп жүргізілуі егін шаруашылығының көлеміне тікелей ықпал етті. Ауылдар мен селоларда қалыптасқан ауыр саяси-әлеуметтік ахуал экономикалық дағдарысқа әкелді. Колхозға кірмуге бел байлаған шаруалардың арасында егін салудың орнына, өз шаруашылығын таратып, малын сойып, қалаға жұмыс іздеп кеткендер де болды. Өз шаруашылығын қысқартып, колхоздың жарна-төлемдеріне ғана жететін шаруашылық қалдырғандар да аз емес болатын. Петропавл округінде 1929 жылы салынған егістік алқабы 758 600 гектар болса [31; 4], 1930 жылы бұл көрсеткіш 27



пайызға кеміді [3; 76]. Дәл осындай жағдай Ақмола округінде қалыптасты. 1929 жылғы 323 000 га егіс көлемі 1930 жылы 25 пайызға қысқарды [22; 161].

1930 жылдың көктемінде жаппай ұжымдастыру қарқыны бәсеңсігені оның тоқтады дегенді білдірмесе керек, жаз айларында бұл науқан қайта күшейді. Сол кездегі кеңестік пропаганда көсем Сталин мен БКП(б) ОК-нің көрегендігінің арқасында ұжымдастыру кезіндегі қателіктер мен бұрмалаулар дер кезінде түзетілді деген бағытты насихаттады. Сонымен қатар, 1930 жылы колхозға кірмеген немесе колхозға кіріп, одан шығып кеткен жеке шаруа қожалықтарын ұжымдасуға итермелеу бағытында билік бірқатар шараларды жоспарлады.

Біріншіден, Бүкілодақтық колхоз орталығы (колхозцентр) қабылдап, КСРО ХКК-і және ОАК-нің Президиумы бекіткен артельдің үлгілік жарғысы негізінде колхоз мүшесінің қоғамдастырылған жер телімін колхоздан қайтарып алу мүмкіндігі жойылды [32; 26–29]. Сонымен қатар, жеке шаруашылықтарға қатысты ауылшаруашылық алым-салықтардың көлемі өсірілді. Мысалы, Петропавл округтік атқару комитетінің 1930 жылдың 1 сәуірінде қабылдаған №33 Қаулысында кулак шаруашылықтарына бірыңғай ауылшаруашылық салығын жеке ретпен салу тәртібі қарастырылған. Қаулыда аудандық атқару комитеттері мен ауыл, село кеңестеріне жеке түрде салық салынаты бай мен кулактардың тізімін жасау, оларға салық салынатын табыстың мөлшерін кедейлер тобының өкілдерімен бірлесе алдын ала анықтау міндеті қойылған [33; 45–46]. Қаулыда кулак деп табылған шаруашылықтың қандай да бір жеңілдіктерге құқы жоқ екені де айтылған.

Ауқатты жеке қожалықтарға қатысты астық, мал дайындау науқандары барысында арнайы «бай-кулак» жоспарларын орындату кең етек алды. Әлеуметтік-экономикалық салада мемлекет тарапынан әкімшілік-заңнамалық негізде жүйелі түрде қыспаққа алынған жеке қожалығы бар шаруалардың колхоздың құрамына кіруден басқа жолы қалмады.

Осылайша, жаппай, күштеп ұжымдастыру барысында 1930 жылдың 1 сәуірінде Ақмола, Петропавл округтеріндегі шаруа қожалықтарының 26,6 % , 1930 ж. округтер таратылып, олардың орнына құрылған ірілендірген аудандарда 1931 ж. 1 сәуірінде шаруашылықтардың 59,6 % , 1932 ж. 1 сәуірінде сол жылы құрылған Қарағанды облысындағы шаруашылықтардың 80 % колхоздарға біріктірілген.

Коммунистік билік 1930 жылы жаппай ұжымдастырумен қатар «бай мен кулакты» тап ретінде жою саяси науқанын қатар жүргізді. «Бай мен кулакты» тап ретінде жою саяси науқанының басталуына И. В. Сталин «ресми» түрде 1929 жылы 27 желтоқсанда марксист аграршылар конференциясында «рұқсат» берді. Өз баяндамасында ол жерді бірлесіп өңдейтін серіктестіктердің орнына ауылда совхоздар мен колхоздар секілді ірі социалистік шаруашылықтар құруды талап етті. Осы сөзінде ол алғаш рет «кулактың қанауын шектеу саясатынан оларды тап ретінде жою саясатына» көшу туралы ұран көтерді.

«Кулактарды» жою және жаппай жер аудару науқанын рәсімдеу үшін БКП(б) Орталық Комитеті 1930 ж. 1 ақпанда «Жаппай ұжымдастыру аудандарында кулак шаруашылықтарын жою іс-шаралары туралы» құпия Қаулысын қабылдады. Жер аударуды ұйымдастыруға қатысты іс-шаралар 1930 ж. 4 ақпанда КСРО Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің «кулактарды тап ретінде жою, олардың мүлкін тәркілеу және жер аударуға қатысты іс-шаралар туралы» құпия нұсқаулығында қарастырылды [27; 69–71].

Осыған ұқсас құжаттар республикада да қабылданды. Мысалы, 1930 ж. 11 ақпанында БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті бюросының «БКП (б) ОК-нің 1930 ж. 30 қаңтардағы кулактарды тап ретінде жою туралы қаулысын орындау туралы» жабық отырысының қаулысы қабылданды [27; 87–90]. Бұл құжатта Қазақстан бойынша жаппай



ұжымдастыру жүрген аудандардың қайсысында «бай мен кулактарды» тап ретінде жою науқанының іске асырылатыны, науқанның қалай жүзеге асырылатыны, тәркіленетін шаруашылықтардың қандай санатқа жіктелетіні және олардың аудандағы барлық шаруашылыққа қатысты үлесі секілді нұсқаулар берілді.

Осы құжатқа сәйкес, Петропавл округінде бай мен кулактарды жою науқаны Рыков, Булаев, Қызыләскер, Трудовой, Ворошилов аудандарында іске асырылатын болды. Тап ретінде жойылатын кулактар үш санатқа жіктелді: I санаттағы контрреволюциялық белсенді кулактар концлагерьлерге қамалуы тиіс болды; II санаттағы бай-жартылай феодалдар мен помещиктер, қуатты кулактар округтан тыс, Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (БМСБ) өкілдігі белгілеген жерлерге жер аударылуы тиіс болған. III санатқа іліккен «кулак пен байлар» аудан шекарасында, колхоз жерлерінен алыста, сапасы төмен жер телімдеріне қоныстандырылатын болды.

Өлкелік билік бай мен кулактарды жою науқанына қатысты туындайтын барлық мәселелердің алдын алуға тырысты. Осыған байланысты, жер ісі комиссары К.Д. Тоқтабаев пен БМСБ-ның Қазақстандағы өкілі А.Р. Альшанскийдің округтік жер бөлімдері мен БМСБ округтік бөлімдеріне жолдаған телеграммасында жер аударылғандардың қайда қоныстандырылатынын олардың саны туралы мәлімет берген [27; 90]. Сонымен қатар, округтік бөлімдерге қоныс тұрғызылатын орындарды бір аптаның ішінде нақтылау жөнінде нақты тапсырмалар берген. Қаржы комиссары М. О. Орымбаев округтік қаржы бөліміне жазалауға ұшырайтын кулак-байлардың банктердегі қаржыларын толық қадағалап, тәркілеу кезінде ақшалай салымдарды мемлекеттің меншігіндегі арнайы есеп-шотқа салуды жүктеген [27; 93–94].

1930 жылдың 19 ақпанында Қазақ АССР ОАК және ХКК-нің «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және кулак пен байларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар туралы» қаулысы қабылданды. Бұл құжатта II-санаттағы кулак және бай шаруашылықтарының тізімдерін аудандық атқару комитеттері колхозшылар мен кедей жиналыстарының шешімдері негізінде белгілейді және бұл тізімдерді округтік атқару комитеттері бекітетіні көрсетілген. Кулак пен байлардың мүлкін тәркілеуді аудандық атқару комитеттерінің арнайы уәкілдері ауыл кеңестері, колхоз өкілдері, батырақ, кедей топтарының жұмысшы комитеті мен ауылшаруашылық жұмысшылар одағы өкілдерінің көзінше жүргізуі тиіс болған. Бай мен кулактардың мемлекеттік және кооперативтік органдар алдындағы міндеттемелерін өтеуге кететін үлестен басқа тәркіленген мүлкі батырақ пен кедейлердің колхоздың бөлінбейтін қорына салатын үлесі ретінде берілген. Бай-кулактардан тәркіленген егістік телімдері колхоздарға беріліп, оларға осы телімдерде өсірілетін тауарлық өнімді тапсыру міндеті мен жауапкершілігі жүктелеген.

1930 жылдың 1 наурызында БКП(б)Қазақ өлкелік комитетінің арнайы комиссиясы жаппай ұжымдастыру аудандарында тап ретінде жойылатын II санаттағы бай мен кулак шаруашылықтарының санын белгіледі. Комиссия отырысы хаттамасына сәйкес, Петропавл округінде Булаев ауданында 150, Ворошилов ауданында 200, Қызыләскер ауданында 200 шаруашылық белгіленді [27; 130].

Бай мен кулактарды тап ретінде жою науқанына дайындықты Петропавл округінің басшылығы өлке тарапынан ресми шешімдер қабылданардан-ақ бұрын бастап кеткен болатын. 1930 жылдың 28 қаңтарында округтік партия комитеті бюросының жабық отырысында саяси науқанды жүргізу барысында округтің әр ауданы және қалаларында БМСБ күштеріне қолқабыс болатын коммунистік әскери отрядтар құру туралы шешім қабылдаған. Мысалы, Петропавл қаласында бір рота көлеміндегі (шамамен 100-120 адам) отряд құрылып, бұл әскери күш Ворошилов және Трудовой аудандарында ұжымдастыруға немесе кулактарды жоюға қарсы халық бүлік көтерсе қолданылатын болған [34; 28]. Қазақ халқы қоныстанған Бейнетқор ауданында отряд бір бөлімше



тұратын көлемінде болуы қарастырылған. Бұл отрядтың басшылығы аудандық партия комитетінің жауапты хатшысы Махмет Қаңтарбаевқа жүктелген.

Кедейлерді ұйымдастырып, «кулактар мен бай» шаруашылықтарын тәркілеу және жер аудару науқандарына кеңінен араластыру үшін жәрдемдесу комитеттерін құру қарастырылды. Мұндай жәрдемдесу комитеті әр ауыл-селода кулак-байларды жер аудару науқаны кезінде тәркіленетін шаруашылық иесінің жасырған мүлкін анықтауға, ауыл-село Кеңестері тарапынан «кулак-бай» шаруашылықтарын жер аударуға арналған жиналыстардың керекті шешімін шығару мақсаттарында қолданылды. Мысалы, Петропавл округтік партия комитетінің 31 қаңтардағы шешіміне сәйкес 15 ақпанға дейін аудандардағы кедейлер тобының жұмысын тексеру және ақпанның аяғына дейін барлық аудандарда осындай батырақ-кедей топтарын құрып олардың құрамына коммунистер, комсомол мүшелерін кіргізу міндетін қойды [35; 11]. Кедейлерді жаппай ұйымдастыру, «кулактар мен бай» шаруашылықтарын тәркілеу және жер аудару науқандарына жұмылдыру мақсатында ҚазАКСР ХКК-нің Қаулысына сәйкес республиканың 150 ауданында батырақтар слетін өткізіп осы іс-шараға қаржы бөлген [36; 17]. Осы құжатқа сәйкес, Петропавл округіне 10000 рубль, Ақмола округіне 5000 рубль бөлінген.

Округ басшылығы арнайы комиссия құрып, оған қаржы бөлімі, мемлекеттік сақтандыру ұйымы және басқа да мекемелердің деректері негізінде округтегі бай-кулактардың тізімін жасап, жүйелеуді тапсырған. Аудандық партия комитетінің хатшылары мен аудандық атқару комитеттерінің төрағаларына бір апта уақыттың ішінде 1929 жылдың 1 мамырында ауданда есепте тұрған және 1 мамырдан кейін өз шаруашылығын таратқан бай-кулактардың тізімін құпия түрде жасауға тапсырма берген. Округтік әкімшілік бөліміне округ аймағындағы түрмелерді босатуды іске асыру тапсырылған.

«Бай мен кулактарды» тап ретінде жою науқанына қатысты жоғарыда қарастырылған дайындық жұмыстарынан соң 1930 жылдың қаңтар айының соңында, ақпан айында аталмыш науқан Петропавл округінде басталды. Қызыләскер ауданында бұл науқанның 25 қаңтардан басталғаны туралы деректі 1930 жылдың 9-12 сәуір күндері аудандық атқару комитетінің «байларды кәмпескелу мен егістік, кәллектептендіру туралы жұмыстарын» тексеру актісінен алуға болады [37; 203–206 шп.]. Осы құжатқа сәйкес, ауданда тап ретінде жойылатын «байлардың» 310 жеке шаруашылығы тіркелген, кейін бұл тізім қайта қарастырылып, 235 шаруашылық қалдырылған. Бұл жеке шаруашылықтардың ішінде І санатта «7 үй», ІІ санатта 153 үй және ІІІ санатта 65 үй қалдарылған. І және ІІ санаттағы 160 шаруашылық округке жіберілген, олардың 108-і жер аударылған, ал 52 шаруашылық округтен аудандық атқару комитетінің қарамғына қайтарып, ІІІ санатқа ауыстырған. Кейін ІІІ санаттағы «байларды» қайта қарастырып, 48 шаруашылық осы санатқа жатқызылған.

Ворошилов аудандық атқару комитетінің ақпараттық баяндамасына сәйкес, 7 наурызда ІІ санатқа 72 жеке шаруашылық жатқазылып, жер аударылған [11; 86]. 20 мамырға дейін ІІІ санатқа жатқызылған 177 шаруашылық тіркелген.

Қазақстан аудандарындағы «бай-кулак» шаруашылықтарын тап ретінде жою тақырыбындағы шешілмеген мәселе – мемлекеттік билік тарапынан жазаға ұшыраған жеке шаруашылықтар саны. Бұл мәселе өз алдына ғылыми зерттеулерді талап етеді. Дегенмен, ғылыми айналымдағы деректерге сүйенсек, Қазақ өлкелік комитеті комиссиясының қаулысына сәйкес, 1930 жылдың жазы қарсаңында бай-кулак шаруашылығы ретінде оның 3221 жеке қожалық, оның ішінде бірінші санат бойынша 1065, екінші санат бойынша 1250, үшінші санат бойынша 906 шаруашылық жойылуы тиіс болған. 1930 жылдың 6 мамырына дейін бүкіл Қазақстанда ІІ санаттағы 1341 «бай-құлақтың» жанұясы жер аударылып, Арал теңізі жағасына және аралдарына



орналастырылған [27; 191], соның ішінде 218 жанұя Петропавл округінен жер аударылған.

1931 жылдың ақпан-наурыз айларында бай мен кулактарды тап ретінде жою науқанының екінші үлкен кезеңі басталды. «Бай мен кулактарды» тап ретінде жою науқанының екінші кезеңінің басталуы 1931 жылдың көктемінде жүргізілуі тиіс егін салу науқанымен байланысты болды. Себебі, колхоздардың егін салуына қажетті астық тұқымының қорын жасау, жұмыс малын дайындау секілді шаруашылық жұмыстарын жеңілдету мақсатында «бай мен кулактардың» тәркілеу арқылы олардың астығын, жұмыс малын колхоздардың мүлік қорына беру мақсаты жүзеге асырылды.

1931 жылдың 24 ақпанында БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті бюросының «ОК-тің желтоқсан Пленумының ұжымдастыру туралы шешімін орындау және кулактар мен байларды тап ретінде жоюды жалғастыру туралы» қаулысы қабылданды [27; 317]. Бұл қаулыда Қазақ өлкелік комитеті басқа аудандармен қатар, бұрын Ақмола, Петропавл округтерінің құрамында болған Булаев, Преснов, Көкшетау, Арықбалық, Рузаев, Щучье, Бейнетқор, Есіл, Айыртау, Нұра, Еркіншілік, Еңбекшілдер, Ленин, Атбасар, Петропавл, Сталин, Тельман, Тонкерей, Ақмола аудандарының партия комитеттеріне «кулак пен байды» тап ретінде жоюды жаппай ұжымдастыру негізінде жүргізудің тәртібін нақтылады. Құжатқа сәйкес, ауданда жеке шаруашылықтардың 70-75% ұжымдастырылған ауыл мен селоларда колхоз мүшелері, жеке шаруалар, кедейлер мен орташалар қатысқан жалпы жиналыста тап ретінде жойылуы тиіс бай-кулак шаруашылығы, соның ішінде колхозға кіріп алғандары да нақты анықталған. Осындай жиналыстың қаулысы аудандық атқару комитеті тарапынан бекітілген соң жойылуы тиіс бай-кулак шаруашылығы ауылдан, селодан ААК (аудандық атқару комитеті) аудан аумағында белгілеген орынға қоныстандырылған. Олардың арасында «контрреволюциялық тұрғыдан аса қауіптілері» БМСБ органдарының құзыретімен ауданнан тыс жер аударылған.

Қаулыны ала салысымен аудандардың басшылығы оны жүзеге асыруға кірісті. Мысалы, 1931 жылдың 8 сәуірінде Көкшетау аудандық партия комитетінің жабық отырысы өтіп, ауданның 30-дан астам ауыл, селолық кеңестері шеңберінде бай мен кулактардың шаруашылықтарын тап ретінде жою міндетін аудандық комитеттің сол елді-мекендерге арнайы жіберілетін өкілдеріне жүктеген [38; 12–13 pp.]. Құжатқа сәйкес, жер аударылатын шаруашылықтарға қатысты қоғамдық пікірді қалыптастыру жөніндегі бұқаралық жұмыстар (*колхоз мүшелері, жеке шаруалар, кедейлер мен орташалар қатысқан жалпы жиналыстар – авт.*) 20 сәуірге дейін аяқталып, қажетті материалдар аудандық атқару комитеттеріне тапсырылуы тиіс болған.

Ауыл мен селоларда өткізілген жиналыстарды аудандық партия комитеті, аудандық атқару комитеті өкілдері ұйымдастырып, осындай жиналыстарда тиісті шешім шығару үшін араласатын кедей топтары белсенді түрде қатысқан. Мысалы, Көкшетау ауданының №18 ауылында 13 сәуірде өткен жиналыста 7 адамды жер аудару туралы шешім қабылданған [10; 28]. Олардың бай ретінде жазаға ұшырауын негіздейтін «дәлелдер» еш сын көтермейді. Жиналыс хаттамасында есімі аталған Шәріп Балтабаев басқаның еңбегін пайдаланған-мыс, шаруашылық науқандары (*астық, мал дайындау науқандары – авт.*) кезінде нақты жоспарды орындамағаны үшін жер аударылуы тиіс болған. Зәйт Сәдуақасов бұрын конфискацияға ұшыраған байдың ұрпағы болғандығы үшін ғана жазаға іліккен [10; 29]. Науқан барысында Көкшетау ауданында 503 жеке шаруашылық бай мен кулак тізіміне енгізілген [38; 22].

Дәл осындай іс-шаралар басқа аудандар да жүргізілді. Мысалы, бай мен кулактарды тап ретінде жою науқанының іс-шараларын рәсімдейтін аудандық партия комитетінің отырыстары Булаев ауданында 22 наурызда, Атабасар, Щучье аудандарында 17 сәуірде өткен. Науқан барысында Атбасар ауданында ауданнан тысқары аймақтарға



жер аударылуы тиіс 47 жеке шаруашылық, аудан ішінде жер аударылатын 38 шаруашылық тізімге енген [39; 36–40 пп.]. 17 шаруашылықтың ісі қайта қарастырылуға қалдырылған. Арықбалық ауданында кулактарды жоюдың екінші кезеңінде 289 жеке қожалық жазаға ұшыраған.

Жазаға ұшыраған жеке шаруашылықтардың иелерін отбасымен қоса аудандар аумағында оңаша орналасқан елді-мекенге жер аударған. Мысалы, Булаев ауданында Александровка селосы, Щучье ауданында Купчановка, Атбасар ауданында Акимовка, Тарасовка, Көкшетау ауданында жер аударылған «кулактар мен байлар» Трофимовка поселкесіне қоныстандырылған.

Трофимовкада 1931 жылдың 1 қарашасына дейін жазаға ұшыраған 150 «бай және кулак» отбасы орналастырылған [10; 32]. Жер аударылғандар 3 адамнан тұратын комендатураның бақылауында болды, кентті басқару тәртібі арнайы нұсқаулық негізінде жүргізілді. Поселке тұрғындары мемлекеттік мекемелерге қажет жұмыстарға тартылған. Олардың еңбегіне тиісті төлемдер келісім негізінде комендатура арқылы жасалған. Жер аударылғандар жалақысының 30 пайызын комендатураның шығынын өтеуге төлеген.

Бай мен кулактарды жою науқан ретінде кейін де жалғасты. Мысалы, Қазақ өлкелік партия комитетінің 1931 жылдың 10 қыркүйегінде өткен жабық отырысында Қазақстанның жаппай ұжымдастыру аудандарынан 5000 жеке шаруашылықты, соның ішінде Айыртау, Арықбалық, Көкшетау, Рузаев және Щучье аудандарынан 1048 қожалықты тәркілеп, жер аударуға шешім қабылданды [27; 396]. Бұл шешімнің ерекшелігі – бай мен кулактарды тап ретінде жою науқанының алғашқы кезеңдерінде бұл іс-шараның алдында «бай мен кулактардың» қарсылығын болдырмау мақсаты қойылса, енді жазаға ұшыраған жеке қожалықтарды республика аумағында мемлекет тарапынан ұйымдастырылып жатқан өндіріс және шаруашылық кәсіпорындарын арзан еңбек күшімен қамтамсыз ету қарастырылды. Аталған 5000 шаруашылық «Скотовод» тресінің совхоздорында, «Пахта-Арал» мақта совхозында, «Казмедстрой» құрылысында және басқа да мемлекеттік кәсіпорындарда жұмысқа салынуы тиіс болды. 1932 жылдың 11 мамырында Қазақ өлкелік партия комитетінің жабық отырысының шешіміне сәйкес, жаппай ұжымдастыру аудандарынан 3000 жеке шаруашылықты, соның ішінде Қарағанды облысынан 1000 шаруашылықты жер аудару қарастырылды [27; 494–496].

Осылайша, 1930-1932 жылдары аралығында Солтүстік Қазақстан аудандарында жаппай ұжымдастырумен қатар жүрген «бай мен кулактарды» тап ретінде жою науқаны коммунистік партия мен кеңестік биліктің саясатына қарсылық көрсете алатын «қанаушы тапты» ауыл мен селодан аластады. 1932 жылдың көктемінен «бай мен кулактарды» жазалау науқаны ауылда колхоз мүшелерінің арасынан «үстем тап қалдықтарын» іздеу науқандарына ұласты. Мысалы, Көкшетау ауданындағы Зеренді машина-трактор стансасының шеңберіндегі колхоздарда 1933 жылдың ақпан-наурыз айларында «өзін-өзі тазалау» науқаны жүрген болатын [40; 1–5 пп.]. Осы науқанды басқарған Көкшетау аудандық жұмысшы-шаруа инспекциясы бақылау комиссиясының құжаттарына сәйкес іс-шара барысында 27 колхоздан 24 кулак, зиянкестікпен айналысқан 68 адам, 23 «жалқау» және 10 «антикеңестік элемент» «анықталып», тексеріс материалдары БМСБ-ның аудандық бөлімшесіне берілген.

Қорытынды

1930-ы жылдардың бас кезінде жүзеге асырылған жаппай ұжымдастыру және «бай мен кулактарды» тап ретінде жою науқаны нәтижесінде ауыл мен селода қалыптасқан әлеуметтік қатынастар түпкілікті өзгерді. Ауыл-село тұрғындары жеке шаруашылық жүргізетін шағын меншік иелері қатарынан мемлекетке тәуелді колхоз бен совхоз жұмысшыларына айналды. Зерттеу көрсеткендей, осы тарихи процесстің салдары Солтүстік Қазақстанда да өз көрінісін тапты.



Архив деректері аталмыш өңірдегі жаппай ұжымдастыру және «бай мен кулактарды» тап ретінде жою науқанына жергілікті округтік, аудандық партия комитеттерінің белсене араласып, тікелей басшылық жасғанын анық көрсетеді. Бұл құжаттарда әр деңгейдегі партия комитеттерінің ұжымдастыру және «бай мен кулактарды» тап ретінде жою науқандарына қатысты барлық негізгі шешімдері бар. Мысалы, ұжымдастыру немесе «бай мен кулак» ауылдық кеңесте, қашан жүргізілетіні туралы құжаттар, жер аударылған жеке қожалықтардың қайда орналастырылатынын рәсімдейтін қаулылар мен бұйрықтар Солтүстік Қазақстан жеріндегі үлкен тарихи өзгерістердің келбетін анықтайды.

Дегенмен, мақалада қарастырылған мәселелердің зерттеулерді жалғастыруды талап ететін тұстары бар екенін айта кету керек. Біріншіден, мемлекеттің аграрлық репрессивті саясатының, құрбандарының, яғни, «бай мен кулактарды» тап ретінде жою науқаны кезінде жазаға ұшырағандардың санын анықтау, олардың жер аударылғаннан кейінгі тағдыры өз алдына зертеуді талап етеді.

Алғыстар

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» атты №BR24993057 бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1]. Турсунбаев А.Б. Победа колхозного строя в Казахстане. Алма-Ата, Казахское государственное издательство. 1957. 326 с.
- [2]. Дахшлейгер Г. Ф., Нурпеисов К. История крестьянства Советского Казахстана. Алма-Ата, Наука. 1985, т. 1. 247 с.
- [3]. Северо-Казахстанская область в 1917-1957 гг. Алма-Ата, Казгосизд. 1957. 153 с.
- [4]. Қозыбаев М. Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, Қазақ университеті. 1992. 272 б.
- [5]. Омарбеков Т. Зобалаң. Алматы, «Санат». 1994. 272 б.
- [6]. Абылхожин, Ж. Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы, Туран. 1997. 360 с.
- [7]. Халидуллин Г. Х. Аграрная политика советской власти в Казахстане 1917–1940 гг. в отношении казахских шаруа. Алматы, Ғылым. 2001. 213 с.
- [8]. Козыбаев М. К., Абылхожин Ж. Б., Алдажуманов К. С. Коллективизация в Казахстане трагедия крестьянства. Алма-Ата, 1992. 447 с.
- [9]. Омарбеков Т. 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы, Санат. –1997. 320 бет.
- [10]. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50-е годы XX века). Т.19: Ақмола облысындағы саяси қуғын-сүргін тарихы: құжаттар мен деректер негізінде. Құжаттар мен материалдар жинағы. Астана. 2022. 280 б.
- [11]. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 32: Политические репрессии в Северо-Казахстанской области (1920–1950-е гг.). Сборник документов и материалов. 2022. 384 с.
- [12]. Белетченко И.С. и др. Северо-Казахстанская область. Страницы летописи родного края. Монография. Алматы, Казахстан. 1993. 392 с.



- [13]. Абуев К. К. Кокшетау. Исторические очерки. Кокшетау, Полиграфия. 1997. 289 с.
- [14]. Сейткасымов А. А. Развитие Северного Казахстана в первой половине XX века. Кокшетау, 2014. 143 с.
- [15]. Отчетный доклад о работе в период между 1-й и II-й окрпартконференциями (ноябрь 1928г.- май 1930г.). Акмолинск, «Спутник революции». 1930. 119 с.
- [16]. Резолюции 2-й Петропавловской партконференции ВКП(б) Казкрайкома. Петропавловск. 1930. 40 с.
- [17]. Материалы к отчету Казакского Краевого Комитета ВКП(б). Алма-Ата. 1930. 175 с.
- [18]. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939: документы и материалы в 5-ти т. Том 1. Май 1927 – ноябрь 1929. Москва, РОССПЭН, 1999. 880 с.
- [19]. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939: документы и материалы в 5-ти т. Том 2. ноябрь 1929 – декабрь 1930. Москва, РОССПЭН. 2000. 927 с.
- [20]. ҚРПА 141-қ. 1-т. 242-іс,
- [21]. Очередные вопросы коллективизации в Казакстане. Алматы, Изд. Наркомзема КазАССР. 1930. 37 с.
- [22]. АҚМА. 243-қ. 1-т. 53-іс.
- [23]. СҚМА. 271-қ. 1-т. 210-іс.
- [24]. ҚРПА 141-қ. 1-т., 3238-іс.
- [25]. ҚРПА 141-қ. 1-т., 3753-іс.
- [26]. АҚМА 241-қ. 1-т. 150-іс.
- [27]. Из истории депортаций. Казахстан 1930–1935 гг. Сборник документов. Алматы, ЛЕМ, 2012. 772 с.
- [28]. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926 – июнь 1941 гг.). Документы и материалы. – Алма-Ата, Казахстан. 1967. 576 с.
- [29]. 7-Всеказакская конференция ВКП(б): стенографический отчет. – Алма-Ата, Издание казакского краевого комитета ВКП(б). 1930. 402 с.
- [30]. СҚМА. 271-қ. 1-т. 216-іс.
- [31]. Конъюнктурный обзор народного хозяйства Петропавловского округа Казакстана за 1928-29 год. Петропавловск, Изд. Окрплана. 1930. 52 с.
- [32]. Примерный устав сельскохозяйственной артели от 3 ноября 1930 г. // Хлебоцентр (На фронте сельскохозяйственных заготовок). Еженедельный информационный бюллетень. № 11. 1931. 26–29 с.
- [33]. СҚМА 195-қ. 1-т. 75-іс.
- [34]. ҚРПА 141-қ. 1-т. 3036-іс.
- [35]. ҚРПА 141-қор. 1-т. 3034-іс.
- [36]. АҚМА 241-қ. 1-т. 144-іс.
- [37]. СҚМА. 195-қ. 1-т. 103-іс.
- [38]. АОМА. 247/1418-қ. 1-т., 193а-іс.
- [39]. АОМА 60-қ. 1-т. 7-іс.
- [40]. АОМА 3270-қ. 1-т. 85-іс

REFERENCES

- [1]. Tursunbaev A.B. Pobeda kolhoznogo stroya v Kazahstane [*Victory of the collective farm system in Kazakhstan*]. Alma-Ata. Kazahskoe gosudarstvennoe izdatel'stvo. 1957. 326 p. [in Russian]



- [2]. Dahshlejger G. F., Nurpeisov K. Istoriya krest'yanstva Sovetskogo Kazakhstana [*History of the peasantry of Soviet Kazakhstan*] Alma-Ata, Nauka. 1985. 247 p. [in Russian]
- [3]. Severo-Kazakhstanskaya oblast' v 1917–1957 gg. [*North-Kazakhstan region in 1917-1957*] Alma-Ata, Kazgosizdat. 1957. 153 p. [in Russian]
- [4]. Qozybaev M. Q. Aqtañdaqtar aqiqaty [*The Truth of a blank spots*]. Almaty, Qazaq universiteti. 1992. 272 p. [in Kazakh]
- [5]. Omarbekov T. Zobalañ [*Dark times*]. Almaty, «Sanat». 1994. 272 p. [in Kazakh]
- [6]. Abylhozhin, ZH. B. Ocherki social'no-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana. XX vek [*Sketches of socio-economic history of Kazakhstan. XX century.*]. Almaty, Turan. 1997. 360 p. [in Russian]
- [7]. Halidullin G. Agrarnaya politika sovetskoj vlasti v Kazakhstane 1917–1940 gg. v otnoshenii kazahskikh sharua [*Agrarian policy of Soviet power in Kazakhstan 1917-1940 in relation to Kazakh peasants*]. Almaty, Gylym. 2001. [in Russian]
- [8]. Kozybaev M. K., Abylhozhin ZH. B., Aldazhumanov K. S. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krest'yanstva [*Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry*]. Alma-Ata, 1992. 447 p. [in Russian]
- [9]. Omarbekov T. 20–30 zhyldardary Qazaqstan qasireti: Kómekshi oqu qyraly [*The Tragedy of Kazakhstan in the 1920s–1930s: A Supplementary Textbook*]. Almaty, Sanat. 1997. 320 p. [in Kazakh].
- [10]. Saiasi quğyn-sürgin qūrbandaryn tolyq aqtau jónindegi Memlekettik komisiyanıń materialdary (XX ġasyrdyń 20-50 jyldary) = Materialy Gosudarstvennoi komisii po polnoi reabilitatsii jertv politicheskikh repressii (20–50-egody XX veka). T.19: Aqmola oblysyndaғы saiasi quğyn-sürgin tarihy: qūjattar men derekter negızinde. Qūjattar men materialdar jınaғы [*Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Volume 19. The history of political repression in the Akmola region: based on documents and sources. Collection of documents and materials.*]. Astana. 2022. 280 p. [in Russian]
- [11]. Saiasi quğyn-sürgin kūrbandaryn tolyq aqtau jónindegi Memlekettik komisiyanıń materialdary (XX ġasyrdyń 20-50 jyldary) = Materialy Gosudarstvennoi komisii po polnoi reabilitatsii jertv politicheskikh repressii (20-50 gody XX veka). T. 32: Politicheskie repressii v Severo-Kazakhstanskoi oblasti (1920-1950-e gg.). Sbornik dokumentov i materialov [*Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repressions (20-50 years of XX century). T. 32: Political repressions in the North-Kazakhstan region (1920-1950s). Collection of documents and materials*]. Astana. 2022. 384 p. [in Russian]
- [12]. Beletchenko I.S. i dr. Severo-Kazakhstanskaya oblast'. Stranicy letopisi rodnogo kraja [*North-Kazakhstan region. Pages of chronicles of native land.*]. Almaty, Kazakhstan. 1993. 392 p. [in Russian]
- [13]. Abuev K. K. Kokshetau. Istoricheskie ocherki [*Kokshetau. Historical sketches*]. Kokshetau, Poligrafiya. 1997. 289 p. [in Russian]
- [14]. Sejtkaşymov A. A. Razvitiye Severnogo Kazakhstana v pervoj polovine XX veka [*Development of Northern Kazakhstan in the first half of the XX century*]. Kokshetau. 2014. 143 p. [in Russian]
- [15]. Otchetnyj doklad o rabote v period mezhdue I-j i II-j okhrpartkonferenciayami (noyabr' 1928 g.-maj 1930g.) [*Report on the work between the 1st and the 2nd District Party Conferences (November 1928-May 1930)*]. Akmolinsk, «Sputnik revolyucii». 1930. 119 p. [in Russian]
- [16]. Rezolyucii 2-j Petropavlovskoj partkonferencii VKP(b) Kazkrajкома [*Resolutions of the 2nd Petropavlovsk Party Conference of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) Kazkrajkom*]. Petropavlovsk. 1930. 40 p. [in Russian]



- [17]. Materialy k otchetu Kazakskogo Kraevogo Komiteta VKP(b) [*Materials for the report of the Kazak Regional Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b)*]. Alma-Ata. 1930. 175 p. [in Russian]
- [18]. Tragediya sovetsoj derevni. Kollektivizaciya i raskulachivanie. 1927-1939: dokumenty i materialy v 5-ti t. Tom 1. Maj 1927 – noyabr' 1929 [*The tragedy of the Soviet village. Collectivization and Raskulachivanie. 1927-1939: documents and materials in 5 vols. Vol. 1. May 1927 - November 1929*]. Moscow, ROSSPEN, 1999. 880 p. [in Russian]
- [19]. Tragediya sovetsoj derevni. Kollektivizaciya i raskulachivanie. 1927-1939: dokumenty i materialy v 5-ti t. Tom 2. noyabr' 1929 — dekabr' 1930 [*The tragedy of the Soviet village. Collectivization and Raskulachivanie. 1927-1939: documents and materials in 5 vols. Vol. 2. November 1929 - December 1930*]. Moscow, ROSSPEN. 2000. 927 p. [in Russian]
- [20]. QRPA [*Archive of the President of the Republic of Kazakhstan*] fund 141. inventory 1. file 242.
- [21]. Ocherednye voprosy kollektivizacii v Kazakstane [*The next issues of collectivization in Kazakstan*]. Almaty, Izd.Narkomzema KazASSR. 1930. 37 p. [in Russian]
- [22]. AQMA [*The State Archive of Astana*]. fund 243. inventory 1. file 53.
- [23]. SQMA [*North Kazakhstan State Archive*]. fund 271. inventory 1. file 210.
- [24]. QRPA [*Archive of the President of the Republic of Kazakhstan*]. fund 141. inventory 1. file 3238.
- [25]. QRPA [*Archive of the President of the Republic of Kazakhstan*]. fund 141. inventory 1. file 3753.
- [26]. AQMA [*The State Archive of Astana*]. fund 241. inventory 1. file 150.
- [27]. Iz istorii deportacij. Kazahstan 1930–1935 gg. Sbornik dokumentov [*From the history of deportations. Kazakhstan 1930-1935. Collection of documents*]. Almaty, LEM, 2012. 772 p. [in Russian]
- [28]. Kollektivizaciya sel'skogo hozjajstva Kazahstana (1926 – iyun' 1941 gg.). Dokumenty i materialy [*Collectivization of agriculture in Kazakhstan (1926 - June 1941). Documents and materials*]. Alma-Ata, Kazahstan. 1967. 576 p. [in Russian]
- [29]. 7-Vsekazakskaya konferenciya VKP(b): stenograficheskij otchet [*7th All-Kazakh Conference of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b): verbatim report*]. Alma-Ata, Izdanie kazakskogo kraevogo komiteta VKP(b). 1930. 402 p. [in Russian]
- [30]. SQMA [*North Kazakhstan State Archive*]. fund 271. inventory 1. file 216.
- [31]. Kon'yunkturnyj obzor narodnogo hozjajstva Petropavlovskogo okruga Kazakstana za 1928-29 god [*Conjunctural review of national economy of Petropavlovsk district of Kazakstan for 1928-29 year*]. Petropavlovsk, Izd. Okrplana. 1930. 52 p. [in Russian]
- [32]. Primernyj ustav sel'skohozyajstvennoj arteli ot 3 noyabrya 1930 g [*Model statute of the agricultural artel of November 3, 1930*]. Hlebocentr (Na fronte sel'skohozyajstvennyh zagotovok). Ezhenedel'nyj informacionnyj byulleten'. № 11. 1931. 26–29 p. [in Russian]
- [33]. SQMA [*North Kazakhstan State Archive*]. 195-к. inventory 1. file 75.
- [34]. QRPA [*Archive of the President of the Republic of Kazakhstan*]. fund 141. inventory 1. file 3036.
- [35]. QRPA [*Archive of the President of the Republic of Kazakhstan*]. fund 141. inventory 1. file 3034.
- [36]. AQMA [*The State Archive of Astana*]. fund 241. inventory 1. file 144.
- [37]. SQMA [*North Kazakhstan State Archive*]. fund 195. inventory 1. file 103.
- [38]. AOMA [*State Archive of the Akmola Region*]. fund 247/1418. inventory 1. file 193a.
- [39]. AOMA [*State Archive of the Akmola Region*] fund 60. inventory 1. file 7.
- [40]. AOMA [*State Archive of the Akmola Region*] fund 3270. inventory 1. file 85



Утегенов М. З., Бектасов Ш. Т.

**ИЗ ИСТОРИИ МАССОВОЙ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ, И ЛИКВИДАЦИЯ
«БАЙСТВА И КУЛАЧЕСТВА» КАК КЛАСС В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1930-
1932 ГГ.)**

Аннотация. В статье рассматривается кампания массовой коллективизации и ликвидации «баев и кулаков» как класса в районах, входивших в состав Акмолинского и Петропавловского округов. Авторы на основе архивных документов, хранящихся в фондах государственных архивов Акмолинской и Северо-Казакстанской областей, города Астаны, а также в Архиве Президента Республики Казахстан, анализируют действия органов государственной власти, направленных на выполнение директив вышестоящих инстанций. В статье представлена информация о сроках и характере мероприятий, связанных с массовой коллективизацией и ликвидацией «баев и кулаков» как социального класса, методах их реализации, а также об отношении местного населения к действиям властей. По мнению авторов, такие региональные исследования позволяют раскрыть закономерности, принципы и механизмы кампаний коллективизации и ликвидации «баев и кулаков» как класса в масштабах всей страны.

По мнению авторов, Крайком, окружные и районные комитеты ВКП(б) стали основными органами контроля и управления процессом колхозного строительства, что потребовало от сельского населения политического подчинения. Это, в свою очередь, привело к острому социально-политическому и экономическому кризису, который отразился в репрессивной политике власти. Аграрная политика государства, направленная на массовую коллективизацию, коренным образом изменила систему социальных отношений в казахских аулах и русско-украинских селах Северного Казахстана.

Ключевые слова: коллективизация; ликвидация «баев и кулаков» как класса; политика репрессий; переселение; Петропавловский округ; Акмолинский округ.

M. Z. Utegenov, Sh. T. Bektasov

**HISTORY OF MASS COLLECTIVIZATION, AND THE LIQUIDATION OF
“BAYS AND KULAKS” AS A CLASS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1930-1932).**

Annotation. The article deals with the campaign of mass collectivization and liquidation of “bai and kulaks” as a social class in the districts that were part of Akmola and Petropavlovsk districts. The authors on the basis of archival documents stored in the archives of Akmola and North-Kazakhstan regions, Astana city, as well as in the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan analyze the actions of public authorities aimed at implementing the directives of higher authorities. The article provides information on the timing and nature of measures related to mass collectivization and liquidation of “bai and kulaks” as a social class, methods of their implementation, as well as the attitude of the local population to the actions of the authorities. In the authors' opinion, such regional studies make it possible to reveal the regularities, principles, and mechanisms of the campaigns of collectivization and liquidation of “bai and kulaks” as a class on a nationwide scale.

According to the authors, the Kraikom, district and district committees of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) became the main bodies of control and management of the process of collective farm construction, which required the rural population to be politically subordinated. This, in turn, led to an acute socio-political and economic crisis, which was reflected in the repressive policy of the authorities. The agrarian policy of the state, aimed at mass collectivization, radically changed the system of social relations in Kazakh auls and Russian-Ukrainian villages of Northern Kazakhstan.

Keywords: collectivization; liquidation of “kulaks” as a class; repressive policy; resettlement; Petropavlovsk district; Akmola district.